Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үсте	Мақсаты: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. математика	Құрылыс материалдарымен ойын. Мақсаты: Құрылыс бөлшектеріне	«Еркін тақырыпта сурет салу». Мақсаты: Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге	Құрылыс материалдарымен ойын. Мақсаты: Құрылыс	Дидактикалық ойын: «Қай ертегі?» Мақсаты: Шығарма мазмұны

<p>л -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>негіздері - танымдық-ойын) Құрылыс материалдарымен ойын. « Хайуанаттар бағы» Мақсаты: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісуге үйрету. (Құрастыру,) шығармашылық іс –әрекет)</p>	<p>ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру. (Құрастыру шығармашылық іс –әрекет) «Тап және ата» Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық таныстыруды жалғастыру. (Қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік іс-әрекет).</p>	<p>үйрету. сурет салу-шығармашылық іс-әрекет) Дидактикалық ойын: «Тәтті тағамдар» Мақсаты: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. (мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет)</p>	<p>бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. (Құрастыру - шығармашылық іс –әрекет) Дидактикалық ойын «Қайтала» Мақсаты: Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. (қазақ тілі, коммуникативтік іс –әрекет.</p>	<p>бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу. (Көркем әдебиет, коммуникативтік іс –әрекет Дидактикалық ойын «Мамандықты ата» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс–әрекет)</p>
<p>Таңертенге жаттығу</p>	<p>Таңеттеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру түрлері, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары .</p> <p>Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бытырай жүру. “Сырнай” белгісіне сырнай “үрлеу” 2. Бір орында секіру. 3. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер құру. 				

	<p>4. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын дене бойымен түсіріп тұру. Қолдарын алға, артқа сермеу, біртіндеп көтере сермеу. 4-6 рет қайталау.</p> <p>5. Б.қ.: аяқ арасын алшақ, қолдарын түсіре, тік тұру.”Шүберек қуыршақтар” қолдарын бос ұстай, денелерін оңға, солға бұру, бірнеше рет қайталағаннан соң, б.қ. оралу. 5-6 рет қайталау.</p> <p>6. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын артқа жасыра тұру. Алға қарай еңкею, б.қ. оралу. 4-6 рет қайталау.</p> <p>7. Б.қ.: шалқалай жату, қолдары дене бойында. Тізелерін бүге, қолдарымен көмектесе отыру, б.қ. оралу. 5-6 рет</p> <p>8. “Құлыншақтар” секіре жүгіру.</p> <p>9. Жай жүру.</p>									
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)</p> <p>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, көркем сөз қолдану. Сырттан келіп үнемі,</p> <p style="padding-left: 40px;">Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз)</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p>									
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.</p> <table border="1" data-bbox="360 1189 2143 1447"> <tr> <td data-bbox="360 1189 696 1447"> <p>Дидактикалық ойын: «Сөздерді атаймыз» Мақсаты: белгілі бір дыбыстан басталатын</p> </td> <td data-bbox="696 1189 1070 1447"> <p>Дидактикалық ойын: «Заттарды сипатта» Мақсаты: Балаларды заттарды сипаттауға үйрету. Сөздік</p> </td> <td data-bbox="1070 1189 1444 1447"> <p>Дидактикалық ойын: «Көңілді тапсырмалар» Мақсаты: пішіндерді пайдалана отырып,</p> </td> <td data-bbox="1444 1189 1809 1447"> <p>Дидактикалық ойын: «Көліктерді ажырат» Мақсаты: Көлік түрлері және қолданылуы</p> </td> <td data-bbox="1809 1189 2143 1447"> <p>Әңгіме «Дидактикалық ойын «Кім, нені бағады?» Мақсаты: Төрт тұллікті бағатын</p> </td> </tr> </table>					<p>Дидактикалық ойын: «Сөздерді атаймыз» Мақсаты: белгілі бір дыбыстан басталатын</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Заттарды сипатта» Мақсаты: Балаларды заттарды сипаттауға үйрету. Сөздік</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Көңілді тапсырмалар» Мақсаты: пішіндерді пайдалана отырып,</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Көліктерді ажырат» Мақсаты: Көлік түрлері және қолданылуы</p>	<p>Әңгіме «Дидактикалық ойын «Кім, нені бағады?» Мақсаты: Төрт тұллікті бағатын</p>
<p>Дидактикалық ойын: «Сөздерді атаймыз» Мақсаты: белгілі бір дыбыстан басталатын</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Заттарды сипатта» Мақсаты: Балаларды заттарды сипаттауға үйрету. Сөздік</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Көңілді тапсырмалар» Мақсаты: пішіндерді пайдалана отырып,</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Көліктерді ажырат» Мақсаты: Көлік түрлері және қолданылуы</p>	<p>Әңгіме «Дидактикалық ойын «Кім, нені бағады?» Мақсаты: Төрт тұллікті бағатын</p>						

	<p>сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. (сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативтік іс – әрекет). Дидактикалық ойын: «Ұннан жасалатын тағамдар» Мақсаты: Балаларды ұннан жасалатын тағамдарды ажыратуға үйретуді жалғастыру. Мүсіндеуде қысу, басу әдістерін қолдана отырып өз қалауларымен ұннан жасалатын тағамдарды бейнелеуге үйрету. мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет)</p>	<p>қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар атауларымен кеңейту. (сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативтік іс – әрекет). Дидактикалық ойын «Суретті толықтыр» Мақсаты: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. (жапсыру-шығармашылық іс - әрекет)</p>	<p>тапсырмаға сәйкес әр-түрлі заттарды құрастыра білуге үйрету. Құрастыру бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қоюға дағдыландыру. (құрастыру, шығармашылық іс – әрекет)</p>	<p>машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу. (қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет) «Тауық» Мақсаты: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету. (мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет)</p>	<p>адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. (қазақ тілі, коммуникативтік іс – әрекет).</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі</p>	<p>Музыка (маман жоспарына сай)</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: Гимнастикалық</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: Гимнастикалық</p>	<p>Музыка (маман жоспарына сай)</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: Доптарды</p>

<p>бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет</p>		<p>скамейка бойымен еңбектеу. Міндеттері: Балаларды шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіруге, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеуге; бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіруге жаттықтыру; ҮІӘ барысы Сапқа тұру. Жүру, Сапта бір-бірден жүгіру, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар Гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; Бір орында тұрып,</p>	<p>скамейка бойымен еңбектеу. Міндеттері: Балаларды сапта бір-бірден жүгіруге; шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіруге; гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеуге; заттардың арасымен доптарды бір-біріне домалатуға дағдыландыру. ҮІӘ барысы Сапқа тұру. Жүру. Сапта бір-бірден жүгіру; шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар Гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай</p>		<p>домалату. Міндеттері: Балаларды сапта бір-бірден жүгіруге; шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіруге; 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіруге; Заттардың арасымен доптарды бір-біріне домалатуға дағдыландыру. ҮІӘ барысы Сапқа тұру. Жүру. Сапта бір-бірден жүгіру; шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар 2–3 метр қашықтыққа алға</p>
--	--	--	--	--	---

		оңға, солға бұрылып секіру; Қимылды ойын: «Доппен соқ» Мақсаты: Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.	еңбектеу; Заттардың арасымен доптарды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Тақия тастамақ» Мақсаты: Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Қазақ тілі (маман жоспарына сай)		ұмтылып қос аяқпен секіру; Заттардың арасымен доптарды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Түлкі мен шөжелер» Мақсаты: Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	№18 (Күз) Бақылау: Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай	№19 (Күз) Бақылау: Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың	№20 (Күз) Бақылау: Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау. Мақсаты: Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін	№1 (Қыс) Қар үстіндегі іздерді бақылау. Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды	№2 (Қыс) Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын,

	<p>дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Еңбек: Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу Ойын: «Шымшық доп». Мақсаты: Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету. Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Ұстаушы, лентаны ал». Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа , тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға үйрету. (Дене шынықтыру, физикалық қасиеттерді дамыту)</p>	<p>сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. Қимылдық ойын: «Қашпа, доп». Мақсаты: Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға , ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Дербес ойындар: Қуаласпақ. Қояндар секіреді.</p>	<p>балаларға айтып түсіндіру. Еңбек: Біздің ауламыз. Мақсаты: Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Қимылдық ойын: «Кім бұрын жетеді?». Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын дамыту, шапшаңдыққа , ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Тренинг: «Бір шаңырақ астында»</p>	<p>байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді? Еңбек: құс тар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу. Мақсаты: қыстаған құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды ептілікке баулу. Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.</p>	<p>олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауға ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп</p>
--	--	---	--	---	--

	Тренинг: « Құс болып ұшайық»				кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. Қимылды ойын «Ортаға түспек» Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.				
	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету.	Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу, еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сұрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемей, алғыс айту)				
	Астарың дәмді болсын!	Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі,	Бата беру Астарыңа адалдық	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас	Гигиеналық шаралар (қолды

	Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.	Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	берсін! Бастарыңа амандық берсін!	ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) «Ас – адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, Ас қайыру Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Әумин
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітіп оқу (көркемдік қызмет)				
	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату (музыка)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үйшік» ертегі	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Құлыншағым» музыка (музыка)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау	«Бесік жыры» тыңдату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі)				
	1. Керуеттегі жаттығулар Ояну жаттығу. - «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. - «Оянамыз көздерім!»- бинокльге қараймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - алақанды тосамыз. - «Қайырлы күн, қолым!» - алақанды сипаймыз.				

	<p>- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз. 6-7 рет 2. Керует жанындағы жаттығулар - Аяқ бірге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу. - Қол белде, оңға, солға иілу . - Қолымыз иықта, алға, артқа есу. - Қол белде оң аяқпен 3 рет, сол аяқпен 3 рет, қос аяқтап 3 рет секіру .7-8 рет 3. Шынықтыру шарасы. «Денсаулық» жолымен жүру. 4. Демалуды қалыпқа келтіру</p>				
Бесін ас	<p>Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту)</p>				
	<p>Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.</p>	<p>Балалардың назарын тағамға аудару.</p>	<p>Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.</p>	<p>«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.</p>	<p>Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар</p>	<p>Дидактикалық ойын «Қандай ертегі?» Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауға , кейіпкерлерге жанашырлық танытуға үйрету. (Көркем әдебиет-ойын,коммуникат</p>	<p>Дидактикалық ойын «Көңілді суретшілер» Мақсаты: Балаларды оз ойларымен сурет салуға, заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Ақпарат құралдары» Мақсаты : телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым</p>	<p>Дидактикалық ойын «Суреттерді орналастыр» Мақсаты: Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын</p>	<p>Шығармашылық шеберханасы «Аққала» Мақсаты; Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде</p>

<p>қарау және т.б.)</p>	<p>ивтік, шығармашылық іс –әрекет). Дидактикалық ойын «Дұрыс орналастыр» Мақсаты: Заттарды өз орнына дұрыс орналастыруға үйрету. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. (жапсыру-шығармашылық іс - әрекет) «Боямақтар» Мақсаты: Суреттерді бояуға, қарындашты оң қолмен ұстай білуге дағдыландыру. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын білуге үйрету.</p>	<p>(Сурет салу, шығармашылық іс –әрекет). «Балапан» Мақсаты: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет) «Екі лақ ертегісі» Мақсаты: Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауға, мазмұнын түсінуге баулу. (көркем әдебиет, коммуникативтік іс –әрекет).</p>	<p>ережелерін меңгерту. (қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет) «Қандай дыбыс?» Мақсаты: Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді атауға үйрету. (сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативтік іс –әрекет). Шығармашылық шеберхана Мақсаты: Дайын пішіндерден жануарлар пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. (жапсыру-шығармашылық іс - әрекет)</p>	<p>ескеру. (Жапсыру шығармашылық іс –әрекет). Қ.Нүсіпбеков «Суретші қыс» Мақсаты: Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу. (көркем әдебиет, коммуникативтік іс –әрекет). «Боямақтар» Мақсаты: Суреттерді бояуға, қарындашты оң қолмен ұстай білуге дағдыландыру. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын білуге үйрету. (сурет салу-шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу дағдыларын қалыптастыру. (жапсыру-шығармашылық іс – әрекет) «Айнала қар» Мақсаты: Балаларды қарды бейнелеуге үйрету; Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға баулу. сурет салу-шығармашылық іс-әрекет) Аққаланың түймелері. Мақсаты: Мүсіндеуде басу әдістерін қолдану. мүсіндеу-шығармашылық іс-әрекет) Дербес ойын «Пазл»</p>
-------------------------	---	--	---	--	---

	(сурет салу-шығармашылық іс-әрекет)				Мақсаты: Пазл бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қоюға дағдыландыру. (Құрастыру - шығармашылық іс - әрекет)
Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойын «Әшекей бұйымдар» Мақсаты: Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу үйрету. (мүсіндеу, шығармашылық дағдыны дамыту)	Дидактикалық ойын: «Көліктерді ажырат» Мақсаты: Көлік түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу. (қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет) Аяна, Бегім, Зарина.	Дидактикалық ойын: «Заттарды сипатта» Мақсаты: Балаларды заттарды сипаттауға үйрету. Сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар атауларымен кеңейту. (сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативтік іс –әрекет). Зарина, Райымбек	Дидактикалық ойын «Қандай ертегі?» Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауға, кейіпкерлерге жанашырлық танытуға үйрету. (Көркем әдебиет-ойын, коммуникативтік, шығармашылық іс –әрекет). Арлан, Ернұр	«Артикуляциялық жаттығу». Мақсаты: Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. (коммуникативтік іс-әрекет) Райымбек.

	Райымбек				
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.	Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. (Қоршаған ортамен танысу)	Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою.	Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.	Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.
Серуен	Ойын алаңдарын тазалау (еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату				
	Серуен №18 Күз	Серуен №19 Күз	Серуен №20 Күз	Серуен №1 Қыс	Серуен №2 Қыс
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Балапан»бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 05.12 -09.12.2022 -2023оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 05.12.2022	Сейсенбі 06.12.2022	Сәрсенбі 07.12.2022	Бейсенбі 08.12.2022	Жұма 09.12.2022
Балаларды қабылдау	<i>Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау (сөйлеуді дамыту-көммуникативтті іс –әрекет)</i>				
	<p>Құрылыс материалдары-мен ойын Мақсаты: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарауға, ойнап болған соң оларды жинауға және орнына қоюға, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру (Құрастыру,шы-</p>	<p>Дидактикалық ойын «Салыстыр» Мақсаты: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Оларды салыстыра білуге үйрету (математика негіздері,таным-дық іс-әрекет)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Заттарды салыстыр» Мақсаты: Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруға, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыруға үйрету. (математика негіздері,танымды</p>	<p>«Қызықты ертегілер» Мақсаты: Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.Қиялдарын дамыту (көркем әдебиет, коммуникативті іс-әрекет)</p>	<p>Құрылыс материалдарымен ойын Мақсаты: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарауға, ойнап болған соң оларды жинауға және орнына қоюға, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру (Құрастыру,шығармашылық зерттеу іс-әрекеті)</p>

	ғармашылық дағдыларын дамыту)		қ іс-әрекет)		
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгіме: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес беру «Тұмаудан сақтанайық»	Ата-аналармен әңгімелесу: Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлық ережелері туралы еске салу.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістікпен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіруін айту	Ата-аналармен әңгіме: Ата -аналармен қарым -қатынас мәдениетін орнату.Күн тәртібін сақтауды ескерту
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел -үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Кел санайық балақай» Мақсаты: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Жылдам жауап беруге үйрете отырып, ақыл-ой қабілетін дамыту; (математика негіздері, танымдық іс-әрекет)	Ұлттық бұйымдар Мақсаты: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), таныстыру (Құрастыру, шығармашылық дағдыларын дамыту)	Дидактикалық ойын: «Техника құралдары» Мақсаты: телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуге қалыптастыру. (қоршаған ортамен таныстыру (әлеуметтік іс-әрекет)	«Тура және кері сана» Мақсаты: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Ой ұшқырлығын дамыту (математика негіздері, танымдық дағдыларын дамыту)	Дидактикалық ойын: «Көліктерді ата және құрастыр» Мақсаты: Көлік түрлерінің қолданысын ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы үйретуді жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік іс-әрекет)

<p>Таңертенге жаттығу</p>	<p>Таңертеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті)Тұру,жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары.</p> <p>Таңертеңгі жаттығулар кешені Желтоқсан айы (құралмен)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Бір тізбекпен жүру, шеңбер бойымен жүру 2. Табанның ішкі жанымен жүру. 3. Б.қ. аяқ арсын сәл алшақ, жалауша ұстаған қолдарын екі жанға созып, тік тұру. “Белгі берушілер” қолдарын алға айқастырып, б.қ. оралу. 5-6 рет 4. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын түсіріп тұру. Оңға еңкейіп, жалаушаны жерге тигізуге тырысу, б.қ. оралу. Сол жанымен қайталау. 4 рет. 5. Б.қ.: жерге отырып, аяқты алшақ қою, жалауша ұстаған қолдары алда. Алға еңкейіп, жалаушаны аяқ ұшына тигізу, б.қ. оралу. 5-6 рет 6. Б.қ.: шалқалай жату, қолды дене бойымен ұстау.Сол аяқты кеудеге тірей тигізіп, жалаушаны тізеге қойып, үрлеу, б.қ. оралу. Оң аяқпен қайталау. 4-6 рет қайталау. 7. Бір орында секіру, бытырай жүгіру. 8. Жүру.Терең дем алып тыныс алу
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, Еңбек дағдылары :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: Дос бол сабын суменен Жуын күнде су мен сен Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке</p>	<p>Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.</p>

дайындық	<p>«Ө» дыбысына арналған жұмбақтар Мақсаты: Қазақ тіліне тән ө, к, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Жұмбақ шешу. Бір беткейде екі көл. (көз) Күміс қасықтың асты алтын (Тіл мен сөз) Жағасы құрақ, Мөлдір суат. (көз) (қазақ тілі, коммуникативтік іс әрекет)</p>	<p>«Біздің ферма» Мақсаты: Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу. (қазақ тілі, коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қандай мамандық» Мақсаты: Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. (Сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>«Кілемше » Мақсаты: Қазақ оюларының элементтерін салуға, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға үйрету; Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеуге жаттықтыру, (сурет салу, мүсіндеу, жапсырушығармашылық іс- әрекет)</p>	<p>«Төрт түлік» Мақсаты: Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. Оларды ажыратуға үйрету (Қазақ тілі, коммуникативтік іс-әрекет) Математикалық қимыл қозғалыс ойыны: «Қанша болса, сонша ...» Мақсаты: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. (математика негіздері, танымдық іс-әрекеті)</p>
Білім беру мының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	<p>Музыка (маман жоспарына сай) (Шығармашылық дағдыларды дамыту)</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып секіру. Міндеттері: 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіруді, бір орында тұрып, оңға,</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып секіру. Міндеттері: 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіруді, бір орында тұрып, оңға,</p>	<p>Музыка (маман жоспарына сай) (Шығармашылық дағдыларды дамыту) Қазақ тілі (маман жоспарына сай)</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: Шеңбер бойымен жүру. (таза ауада) Міндеттері: Сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіруге, түрлі тапсырмаларды</p>

		<p>солға бұрылып секіруді; аяқты бірге, алшақ қойып секіруді үйрету.</p> <p>ҮІӨ өту барысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу <p>Педагогтың нұсқауы бойынша жүру, Сапта бір-бірден шеңбер бойымен жүгіру</p> <p>3.Негізгі бөлім:</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулар:</p> <p>1.Созылу.. Аяқты алшақ қою, обруч төменде,обручты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.5-6 рет.</p> <p>2.Обручты екі қолмен омырауға ұстау. Оңға, солға бұрылып, қолды созу.</p> <p>3.Отыру, обруч екі қолда төмен ұстау. Обручты жоғары көтеру, төмен екі</p>	<p>солға бұрылып секіруді; аяқты бірге, алшақ қойып секіруді үйрету.</p> <p>ҮІӨ өту барысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу <p>Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру Қатар бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.</p> <p>3.Негізгі бөлім:</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулар:</p> <p>1. Аяқтары алшақ , таяқша белде. «Тик-так» сөзін айтып басты оңға, солға қозғалту. / 6 рет қайталау/</p> <p>Б. қ.: «Күш жинау»</p> <p>2.Аяқтар алшақ қойылған, таяқша кеуде тұсында. Таяқшаны жоғары көтеріп- түсіру. /6 рет қайталау/</p>		<p>орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіруге дғдыландыру;</p> <p>ҮІӨ өту барысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу <p>Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру</p> <p>3.Негізгі бөлім:</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру 2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек-кезек көтеру 3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру <p>Тыныс алу жаттығуы</p> <p>Алақандағы қарды</p>
--	--	--	--	--	---

		<p>өкшенің арасына түсіру, қайталау.5-брет.</p> <p>4. Аяқпен отыру. Обручты тік ұстау, оңға, солға қисаю.</p> <p>5. Шалқадан жату.Обруч бастан жоғары. Аяқты тік ұстап, обручты тізеге тигізу.</p> <p>6. Секіру. Обруч еденде, айнала секіру, адымдап орнында жүру, секіру.</p> <p>Тыныс алу жаттығулары</p> <p>Шарты: Мұрынмен терең дем алып, ауызбен дем шығару</p> <p>4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.</p> <p>1. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру;</p> <p>2. Бір орында тұрып, оңға, солға</p>	<p>Б.қ.: «Қайықшы»</p> <p>3. Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуде тұсына ұстайды. Таяқшаны «ескек» сияқты ұстап, еседі.</p> <p>Тыныс алу жаттығулары: шәйнектің дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.</p> <p>Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:</p> <p>1. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру;</p> <p>2. Бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру;</p> <p>3.Аяқты бірге, алшақ қойып секіру</p> <p>Қимылды ойын: «Балапандар мен мысық»</p> <p>Мақсаты:</p>		<p>үрлеу</p> <p>4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.</p> <p>1.Сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;</p> <p>2. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру</p> <p>5.Қимылды ойын:</p> <p>«Ақсерек –көксерек</p> <p>Мақсаты:жылдамды қ және шымырлық қабілетін арттыру</p> <p>Міндеті:Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді,қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.,ойын ережесін түсініп ойнауын және ойын ережесінің бұзылмауын ескеру қажет.</p>
--	--	---	--	--	---

		<p>бұрылып секіру; 3.Аяқты бірге, алшақ қойып секіру. 5.Қимылды ойын: « Дәу төбет» Мақсаты: Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту;Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету. Қортынды бөлім</p>	<p>доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту; Қорытынды бөлім Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Балаларды мадақтау.</p>		<p>Қорытынды: Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, жүгіреді. Балаларды мадақтау.</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</p>				
Серуен	<p>Серуен №3 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада</p>	<p>Серуен №4 Қырауды бақылау Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен</p>	<p>Серуен №5 Мұз сүңгісін бақылау Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. Тапсырма: «Сүмел</p>	<p>Серуен №6 Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу,қыстайтын құстарды қоректендіру (қоршаған ортамен</p>	<p>Серуен №7 Желді бақылау Мақсаты: Желдің бағытын анықтау. Сұрақтар: 1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтіннен - қағаздың ұзыншалау кішкентай</p>

<p>би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. Күн аязда құстарға қамқор болу, қыстайтын құстарды қоректендіру</p> <p>(қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік дағдыларын дамыту)</p> <p>Тапсырма: «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну.</p> <p>Көркем сөз: Тазалашы мұз болған, Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп</p>	<p>қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, басқа бұтақтарында, заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.</p> <p>Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады.</p> <p>Қимылды ойын: «Кім жылдам»</p> <p>Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.</p> <p>Еңбек: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз</p>	<p>ек мұз» тақырыбына сурет салу.</p> <p>Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? Сәбіз сияқты Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады? Күнге жақта ма, әлде терістік жақта ма? Олар қайдан пайда болады? Осыдан қандай қортынды жасауға болады?</p> <p>Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.</p>	<p>таныстыру (әлеуметтік іс-әрекет)</p> <p>Көркем сөз Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, коммуникативті дағдыларды дамыту)</p> <p>Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау.</p> <p>Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру.</p> <p>Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз»</p> <p>(физикалық дағдыларын дамыту)</p> <p>Дербес ойындар «Мені қуып жет»</p>	<p>кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады.</p> <p>2. Қыста жел қандай болады?</p> <p>Көркем сөз Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр. Қимылды ойын: «Әткеншек»</p> <p>Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою. Мақсаты: суды қатырып, мұз қалпына келтіру, заттың алғашқы күйінен екінші күйге көшіру. Жеке жұмыс: екі аяқпен бірдей қарлы жолмен секіру. Жорамал: қарғалар мен шауқарғалар</p>
--	---	--	--	--

	<p>жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. (физикалық дағдыларын дамыту) Еңбек: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады. Жұмбақ: Құм сияқты ұсақ болғанымен,</p>	<p>бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы) Жорамал: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. Жұмбақ шешу Мақсаты: Сөздік қорды зат есімдермен толықтыру Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады. (қар) (сөйлеуді дамыту, коммуникативті іс-әрекет) Дербес ойындар.</p>	<p>Мұзафар Әлімбаев Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.</p>		<p>ағаштың төменгі бұтақтарына отырса – күн желді болады. Дербес ойындар Қуыспақ;</p>
--	---	--	--	--	---

	жер бетін жауып үлгереді. (қар) Дербес ойындар Қар атыспақ				
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)				
	«Жақсы ,жаман» Ойынның мақсаты: Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдануға үйрету (сөйлеуді дамыту,коммуникативті дағдыларын дамыту)	Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау Мақсаты: Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару (қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік іс-әрекет)	«Ертегі тыңдайық» Тәрбиеші балаларға өздері қалаған ертегіні оқып береді. Мақсаты: Кейіпкерлердің мінезін беруге; шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. (көркем әдебиет, коммуникативті іс-әрекет)	Артикуляциялық жаттығу «Жылдам айт» Мақсаты: Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. (Қазақ тілі,коммуникативтік іс-әрекет)	«Ертегі тыңдайық» Тәрбиеші балаларға өздері қалаған ертегіні оқып береді. Мақсаты: Кейіпкерлердің мінезін беруге; шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. (көркем әдебиет, коммуникативті іс-әрекет)
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө				

	ішкенде сөйлемей, алғыс айту)				
	<p>Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз</p>	<p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану сөйлеспеу, алғыс айту)</p>	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)</p>	<p>Ас ішу тәртібі: Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек</p>	<p>«Сөйлемді жалғастыр...» Мақсаты: Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдануға үйрету. (сөйлеуді дамыту, коммуникативті дағдыларын дамыту)</p>
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітіп оқу (көркемдік қызмет)				
	<p>Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі қою. «Екі дос» Мақсаты: Кейіпкерлердің мінезін беруге; ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. (көркем әдебиет, коммуникативті дағдыларын</p>	<p>«Бесік жырын» тыңдату. Мақсаты: шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. (көркем әдебиет, коммуникативті дағдыларын дамыту. музыка, ш</p>	<p>«Үйшік» аудио ертегі тыңдау (шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау .Аудио ертегі тыңдату</p>	<p>Ұйқыға арналған әуен қою. (музыка ,шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>

	дамыту)	ығармашы-лық дағдыларын дамыту)			
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі)				
	<p>1. Ояну Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды -қол белде: басты оңға, солға, алға, бұру. -кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. -оң жаққа және сол жаққа бұрылу. - қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу.</p>	<p>2. Гимнастикалық жолдан жүру Табанды шынықтыру массажы Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Он аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3. Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүреміз.</p>	<p>3. Тыныс алу жаттығулары Қолға шарды аламыз, Қатты, қатты үрлейміз. Уф-ф-ф, Уф-ф-ф... Қатты үрленген шарларды Кейде жарып аламыз «Шар жарылды»</p>	<p>4. Жуыну жолдары Сылдырлайды мөлдір су Мөлдір суға қолың жу Жуынсаң сен әрдайым Аппақ бетің маңдайың</p>	<p>4. Ояну Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды -қол белде: басты оңға, солға, алға, бұру. -кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. -оң жаққа және сол жаққа бұрылу. - қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу.</p>
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді				

	дамыту)				
	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	«Бата»ас қайтару Асқа берекет Адамға қанағат Айдан аман ет Жылдан есен ет	Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа»	Бата айтып, «Ас қайтаруды» үйрету. Асқа берекет Адамға қанағат Айдан аман ет Жылдан есен ет	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	«Қысқы ағаштар» Мақсаты: Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Мүсіндеуде қысу, тарту,басу әдістерін қолдануға дағдыландыру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеуге қалыптастыру (сурет	«Қар жауды» Мақсаты: Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. (сурет салу,жапсыру, мүсіндеушығармашылық іс- әрекет)	«Аққала» Мақсаты: Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеуге қалыптастыру (сурет салу,мүсіндеу,жапс	Конструкторлар-мен ойын Мақсаты: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарауға, ойнап болған соң оларды жинауға және орнына қоюға, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру (құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)	«Ақ ұлпа қарлар» Мақсаты: Балаларды суреттерді қаламмен бояуға үйрету. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. (сурет салу,мүсіндеу, жапсырушығармашылық іс- әрекет)

	салу, жапсыру, мүсіндеу шығармашылық іс-әрекет)		ыру шығармашылық іс-әрекет)		
Балалармен жеке жұмыс	Түрлі тапсырмаларды орындап, бір-бірден сапта жүруге дағдыландыру Самир, Зере (Дене шынықтыру)	Дидактикалық ойын: «Көліктер» Мақсаты: Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру Райымбек, Ильяс (әлеуметтік дағдыны дамыту)	Үлгі бойынша әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру Бегім. (Сөйлеуді дамыту) Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдары туралы білімдерін жетілдіру Рабия, Зарина (математика)	Дидактикалық ойын: «Салыстыр!» Мақсаты: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру. Райымбек (танымдық дағдыны дамыту)	Дидактикалық ойын «Мамандықтарды ата!» Мақсаты: Сөздік қорын ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен толықтыру. Райымбек (коммуникативті дағдыны дамыту)
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Серуен №3 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау	Серуен №4 Қырауды бақылау	Серуен №5 Мұз сүңгісін бақылау	Серуен №6 Қайың ағашын бақылау	Серуен №7 Желді бақылау
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Балапан»бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 12 - 15 желтоқсан, 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 12.12.2022	Сейсенбі 13.12.2022	Сәрсенбі 14.12.2022	Бейсенбі 15.12.2022	
Балаларды қабылдау	<i>Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау (сөйлеуді дамыту-көммуникативтті іс –әрекет)</i>				
	<p>Әнұран айту. Әңгіме «Мемлекеттік рәміздер» Мақсаты: Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. (қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет) Дидактикалық ойын: «Төлдерді шақырайық» . Мақсаты: Төрт түлік иелерінің төлдерді</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Салыстыр!» . Мақсаты: Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру. (математика негіздері, танымдық-коммуникативтік іс-әрекет). Дидактикалық ойын: «Қандай көлік?»</p>	<p>Ертегі «Екі бұғы» Мақсаты: Балаларды «Екі бұғы» ертегісімен таныстыру,шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу. (көркем әдебиет, қарым-қатынас) Дидактикалық ойын: «Ұзын - қысқа» Мақсаты: Ұзындығы, ені бойынша екі затты салыстыру. (математика</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қанша?» Мақсаты: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. (математика негіздері, танымдық іс-әрекет) Дидактикалық ойын «Сипатта»</p>	

	қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. (қазақ тілі, коммуникативтік іс –әрекет).	Мақсаты : Көлік түрлерінің қолданысын ажырата білуге үйрету. (Қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік іс-әрекет).	негіздері, танымдық іс-әрекет)	Мақсаты: Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді қолдану. (сөйлеуді дамыту- коммуникативтік іс-әрекет)	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел -үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	«Көңілді сандар» Мақсаты: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. математика негіздері - танымдық-ойын) « Еркін тақырыпта	Дидактикалық ойын: «Қай ертегі?» Мақсаты: Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу. (Көркем әдебиет, коммуникативтік	«Кілемшені әшекелейік». Мақсаты: Ұшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.	Дидактикалық ойын: «Атауын тап» Мақсаты: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары)	

<p>және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>құрастыру» Мақсаты: «Лего» конструкторлардан құрастыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қоюға машықтандыру. (Құрастыру,) шығармашылық іс –әрекет) Дидактикалық ойын: «Қандай?» Мақсаты: Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, қолдануға үйрету. (сөйлеуді дамыту-ойын,коммуникативтік іс –әрекет).</p>	<p>іс –әрекет Дидактикалық ойын «Мамандықты ата» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс–әрекет)</p>	<p>сурет салу-шығармашылық іс-әрекет) Еркін тақырыпта мүсіндеу. Мақсаты: Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. (мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет) Дидактикалық ойын «Сөздерді қайтала» Мақсаты: Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айтуға баулу. (қазақ тілі, коммуникативтік іс –әрекет.</p>	<p>таныстыру. (Құрастыру - шығармашылық іс –әрекет)</p>	
<p>Таңертенге жаттығу</p>	<p>Таңеттеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары .</p> <p>Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Бір тізбекпен жүру, бытырай жүгіру. “өз орныңды тап” белгісіне бір тізбекке тұру.2 рет қайталау. 2. Табанның ішкі жанымен жүру.Жалаушаларды алып, шеңберге тұру. 3. Б.қ. аяқ арсын сәл алшақ, жалауша ұстаған қолдарын екі жанға созып, 				

Серуен	№ 10 (Көктем) Қар бетінің төмен түсуін бақылау. Танымдық қызығушылықтарын дамыту. Қардың төмен түсуі күн сайын арта түседі, түсі сұрғұлт тартып, қар беті күртіктеніп,асты борпылдақ қар болатынын түсіндіру.Көктемгі қардың жағдайы туралы балалардың білімін бекіту. Табиғатта болып жатқан өзгерістердің себебі туралы айтып өту. Еңбек іс-әрекеті Өз қалауымен бірлескен еңбек әрекетіне қатыса білуге	№ 11 (Көктем) Ағаштарға бақылау жасау. Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру (аққайыңның бұтағы жіңішке, иілгіш, қабығы қоңыр-қызыл,бүрі ұсақ, бұтақта бірбірлеп орналасқан;терек бұтағы аққайыңға қарағанда	№ 12 (Көктем) Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. Балалардың назарын аққайыңға аудару. Балалардың қызуғышылығын, табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің	№13 (Көктем) Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу,ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу. Еңбек іс-әрекеті Ағаш түбін әктеу. Ағаштың түптерін әктеу. Щетканы оң қолмен ұстап,жоғарыдан	№ 14(Көктем) Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау.Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту.Күн қыза бастады,қар еріді,топырақ жылынды,көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету.Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл

	<p>тәрбиелеу.Еңбек әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау.</p> <p>Қимылды ойын «Жолды тап»</p> <p>Мақсаты: Бағыт бойынша аулада кеңістікті бағдарлай алуды бекіту.</p> <p>Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p> <p>(Дене шынықтыру, физикалық қасиеттерді дамыту)</p> <p>Өзіндік іс-әрекет.</p> <p>Әр бала өз қалауы бойынша еріген қар бетіндегі қоқысты тазартады.</p>	<p>жуан,қабығы сұрғылт-жасыл, бүрі ірі,ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі)Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету.</p> <p>Еңбек іс-әрекеті Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау.</p> <p>Мақсаты: Еңбек нәтижесін көру, топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп келесі бақылауды ұйымдастыру.</p> <p>Қимылды ойын «Ағаштан ағашқа»</p> <p>Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту.</p> <p>Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыту.</p> <p>Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында жұбымен бірге</p>	<p>тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді.</p> <p>Еңбек іс-әрекеті Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту.</p> <p>Мақсаты Еңбекке баулу.</p> <p>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау.</p> <p>(қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет).</p> <p>Қимылды ойын «Орман дақтары»</p> <p>Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту.Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын,. ойынға деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>Өзіндік іс-әрекет</p>	<p>төменге қимылдар жасау.Берілген тапсырманы мұқият тыңдап,істі аяғына дейін жеткізу.</p> <p>Қимылды ойын «Секіргіш бақалар»</p> <p>Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру.(Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап,жерге айналдыра дөңгелетеді,ал шеңберде тұрған балалар секіру керек).Балалардың физиологиялық ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту.</p> <p>Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p> <p>(Дене шынықтыру, физикалық қасиеттерді дамыту)</p> <p>Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында бір-</p>	<p>күйді ояту.Өсімдікті аялап,күте білуге үйрету.</p> <p>Еңбек іс-әрекеті Ауладағы қураған шөпті жинау</p> <p>Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару).</p> <p>Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып,ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтары н тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын «Көк шөптегі хоккей» Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту,қақпаға соғу,бір орында тұрып кіргізу.Ойында достық көмекке келуді үйрету.</p> <p>Өзіндік іс-әрекет</p>
--	---	---	---	--	--

		бірлесіп, ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету.	Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру.	бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.	Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету. Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.				
	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу, еңбек қызметі)</p> <p>Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды – аяқтарды қою, салфеткаларды салу)</p> <p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөздерді қолдану.)</p> <p>Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)</p>				
	«Тамақтану тәртібі» Тамақтану тәртібін сақтаудың пайдасы туралы түсінік беру.	Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға

		мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	аудару.	үстелге қою)	аудару.
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітіп оқу (көркемдік қызмет)				
	Балалардың ұйықтауына жайлы жағдай жасау. «Қу түлкі» ертегісін тыңдау. Мақсаты; Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық танытуға баулу. (көркем әдебиет, коммуникативтік іс –әрекет).	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау. Бесік жырын тыңдау.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау. Жай әуен тыңдау	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау. Жай әуен тыңдау.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау. Жай әуен тыңдау.
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі)				
	1.Керуеттегі жаттығулар. Ояну үшін тезірек Бойымызды созамыз Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз. Бойды түзе, көтер басты Сергіп оян сен енді. Көжектерім тұрындар, Жаттығуды бастайық Шынығайық тұрайық. Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды				

	<p>Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.6-7 рет 2.Керует жанындағы жаттығулар 3.Шынықтыру шарасы. 4.Демалуды қалыпқа келтіру</p>				
Бесін ас	<p>Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту)</p>				
	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті тамақтануға баулу.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Дұрыс тамақтану туралы әңгімелеу.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.	Дұрыс тамақтану туралы әңгімелеу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	<p>«Үш аюдың тостағандары» Мақсаты: Ермексаз кесектерінен әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеуге, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеуге баулу. (мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет) Дидактикалық ойын: «Ою-өрнекті орналастыр!» Мақсаты: Пішінін</p>	<p>«Балықтар» Мақсаты: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. (мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет). «Қарға» Мақсаты: Дайын пішіндерден құстар пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру</p>	<p>Дидактикалық ойын «Бірізділігін сақта!» Мақсаты: Элементтер бірізділігін сақтау , 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. (сурет салу-шығармашылық іс-әрекет) «Таба»</p>	<p>Дидактикалық ойын «Пароход» Мақсаты: Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. (жапсыру-шығармашылық іс - әрекет) Еркін тақырыпта сурет салу. Мақсаты: Заттардың көлемі</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Өсімдіктердің даму кезеңдері!» Мақсаты: Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. (Қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік іс-әрекет). «Әжемнің тағамдары!»</p>

	<p>ескере отырып, ою-өрнекті орналастыруға, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтауға дағдыландыру. (сурет салу-шығармашылық іс-әрекет)</p>	<p>дағдыларын қалыптастыру. (Жапсыру шығармашылық іс –әрекет). Дидактикалық ойын: «Төлдерді ата!» Мақсаты: Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы туралы ұғымдарын кеңейту. (Қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік іс-әрекет).</p>	<p>Мақсаты: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет). Дидактикалық ойын «Дұрыс құрастырамыз!» Мақсаты: Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. (жапсыру)</p>	<p>бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. (сурет салу-шығармашылық іс-әрекет) «Қағаздан құрастыру» «Кеме». Мақсаты: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге айналдыра білуге үйрету. (Құрастыру,) шығармашылық іс –әрекет)</p>	<p>Мақсаты: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет). Еркін тақырыпта жапсыру. Мақсаты: Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Шығармашылық қиялды дамыту. (жапсыру-шығармашылық іс - әрекет)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қай жерде орналасқан?» Мақсаты: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа,</p>	<p>Әңгіме «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу. Райымбек</p>	<p>Дене шынықтыру Алға ұмтылып, ұзындыққа қос аяқпен секіреді: Айзере С, Рияна. (Физикалық дағдыны дамыту)</p>	<p>«Боямақтар» Балаларды суреттерді қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан</p>	<p>Жапсыру Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды. Ильяс, Самир.</p>

	оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Райымбек. (Танымдық дағдыны дамыту)	(Коммуникативтік дағдыны дамыту) Математика негіздері Кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды. Арман, Фатима. (Танымдық дағдыны дамыту)	Дидактикалық ойын: «Төлдерді ата!» Мақсаты: Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы туралы ұғымдарын кеңейту. Райымбек. (Қоршаған ортамен танысу).	төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Райымбек, Нұрасыл. (сурет салу, шығармашылық дағдыны дамыту)	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар Орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см). Еңбектеу. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу, табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу. Райымбек. (Физикалық дағдыны дамыту)
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.	Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту.	Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту.	Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.	Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту.
Серуен	Ойын алаңдарын тазалау (еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату				
	Серуен № 10 Көктем	Серуен № 11 Көктем	Серуен № 12 Көктем	Серуен № 13 Көктем	Серуен № 14 Көктем
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Балапан»бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 10.04-14.04.2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 10.04.2023	Сейсенбі 11.04.2023	Сәрсенбі 12.04.2023	Бейсенбі 13.04.2023	Жұма 14.04.2023
Балаларды қабылдау	<i>Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет)</i>				
	<p>«Жаңбыр жауды себелеп » Мақсаты: Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру. (Сурет салу,шығ.дағдыларын дамыту) Дидактикалық ойын: «Тәулік бөліктерін ата» Мақсаты: Тәулік</p>	<p>«Қайық» Мақсаты: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білуге үйрету (Құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Құрылыс материалдарымен ойын Мақсаты: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу (Құрастыру,шығармашылық</p>	<p>«Кітаптар еліне саяхат» Мақсаты:Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.Кітапты ұқыпты ұстауға баулу (көркем әдебиет,коммуникативті іс-әрекет)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Геометриялық фигуралар» Мақсаты: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. (математика негіздері,таным</p>

	бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. (математика негіздері, танымдық іс-әрекет)		дағдыларын дамыту)		дық дағдыларын дамыту)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер				
	Ата-аналармен әңгіме Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы әңгімелесу.	Ата-аналардың балаларды балабақшаға кешікпей әкелуін қадағалау	«Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу, баланы ауа-райына байланысты киіндіруді ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауды ескерту
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу	«Сәулетшілер» Мақсаты: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою,	«Көктем» Мақсаты: Дайын пішіндерден құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру	Дидактикалық ойын: «Оңға-солға, жоғары - төмен» Мақсаты: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шап	Дидактикалық ойын: «Бұл не» Мақсаты: Суреттер бұйымдар, бойынша а әңгімелер құрастыруға баулу.	«Ғаламшар» Мақсаты: Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы

<p>әрекеті,кітап тар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға қалыптастыру (құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту) Дидактикалық ойын:«Жақсы-жаман» Мақсаты: Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. (сөйлеуді дамыту, коммуникативті дағдыларын дамыту)</p>	<p>дағдыларын қалыптастыру. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету (сурет,жапсыру, шығармашылық дағдыларын дамыту;)</p>	<p>шаңдыққа баулу,ойлау қабілетін дамыту (математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту) «Мамандықтар» Мақсаты: Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға үйрету; (сөйлеуді дамыту,комуника тивті дағдыларын дамыту)</p>	<p>(сөйлеуді дамыту,коммуни кативті дағдыларды дамыту) «Жұлдыздар » Мақсаты: Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру (сурет салу,жапсыру шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>түсініктерді бекіту. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу (сурет салу,жапсыру шығармашылық дағдыларын дамыту) Құрылыс материалдарымен ойын Мақсаты: Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыруда ептілікке қалыптастыру (Құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>
<p>Таңертенгі жаттығу</p>	<p>Таңертеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті,физикалық дағдыларын дамыту)Тұру,жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары.</p>				

	<p>Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қол ұстаса шеңбермен жүру. 2. Бытырай жүгіру. 3. Жүру. Шеңберге тұру. 4. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қою, қолдарын шынтақтан бүге ұстау. Қолдарын шеңбер жасай алға, артқа қозғау. 5-6 рет 5. Б.қ.: аяқ арасын сәл алшақ қоя, қолдарын түсіре тік тұру. Оң жаққа қисаю, б.қ. оралу. Сол жақпен қайталау. Әр жанға 3-4 рет 6. Б.қ.: Аяқ арасын сәл алшақ қоя, қолдарын түсіре тік тұру. Алға тізелерін бүге еңкейіп, қолдарын еденге тигізу, б.қ. оралу. 5-6 рет 7. Б.қ. шалқалай жату, қолдары дене бойында. Тізелерін бүге, аяқтарын кеудеге тигізу, б.қ. оралу. 4-5 рет 8. “Ұшақтар” бытырай жүгіру. 9. Жай жүру. 									
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, Еңбек дағдылары :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: Дос бол сабын суменен Жуын күнде су мен сен Жуынсаң сен әрдайым Таза бетің, маңдайың Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)</p>									
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.</p> <table border="1" data-bbox="360 1284 2148 1453"> <tr> <td data-bbox="360 1284 734 1453"> <p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: Дыбыстарын жеке,</p> </td> <td data-bbox="734 1284 1093 1453"> <p>Дидактикалық ойын: «Қандай фигура» Мақсаты:</p> </td> <td data-bbox="1093 1284 1467 1453"> <p>«Зымыран» Мақсаты: Бояулармен, қарындаштармен,</p> </td> <td data-bbox="1467 1284 1809 1453"> <p>«Шебер қолдар» Мақсаты: Табиғи, қалдық материалдардан</p> </td> <td data-bbox="1809 1284 2148 1453"> <p>«Сурет бойынша әңгімелеу» Мақсаты: Балаларды әңгіме айтуға</p> </td> </tr> </table>					<p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: Дыбыстарын жеке,</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қандай фигура» Мақсаты:</p>	<p>«Зымыран» Мақсаты: Бояулармен, қарындаштармен,</p>	<p>«Шебер қолдар» Мақсаты: Табиғи, қалдық материалдардан</p>	<p>«Сурет бойынша әңгімелеу» Мақсаты: Балаларды әңгіме айтуға</p>
<p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: Дыбыстарын жеке,</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қандай фигура» Мақсаты:</p>	<p>«Зымыран» Мақсаты: Бояулармен, қарындаштармен,</p>	<p>«Шебер қолдар» Мақсаты: Табиғи, қалдық материалдардан</p>	<p>«Сурет бойынша әңгімелеу» Мақсаты: Балаларды әңгіме айтуға</p>						

	сөз ішінде анық айтуға баулу. Бірге қайталау ер - ер - ер Қасиетті жер. Төгілді көп тер. Жемістерді тер. Аға соңынан ер. Сұрағанын бер. лау - лау - лау Желбірейді жалау. Лапылдайды алау. (қазақ тілі, коммуникативті дағдыларын дамыту)	Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. (математика негіздері, танымдық іс-әрекет)	борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру. (сурет салу, шығармашылық дағдыларын дамыту)	құрастыру Табиғи (мақта, жіп, қағаз, тері, , және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. (құрастыру, шығармашылық дағдыларын дамыту)	үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. (сөйлеуді дамыту, коммуникативті іс-әрекет)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	Музыка (маман жоспарына сай) (Шығармашылық дағдыларды дамыту)	Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты қағып алу. Міндеттері: Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алуға үйрету (қатарынан 3–4 рет);	Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты қағып алу. Міндеттері: Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыруға (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыруға және екі қолымен қағып алуға үйрету (қатарынан 3–4 рет); Аяқтың ұшына	Музыка (маман жоспарына сай) (Шығармашылық дағдыларды дамыту) Қазақ тілі (маман жоспарына сай)	Дене шынықтыру (таза ауада) Міндеттері: Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру ҰІӨ өту барысы: 1. Сапқа тұру 2. Сәлемдесу Шеңбер бойымен

		<p>Аяқтың ұшына көтеріліп және тұруға үйрету</p> <p>ҮІӨ өту барысы:</p> <p>1.Шеңбер бойымен жүру</p> <p>Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру</p> <p>3.Негізгі бөлім:</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулар</p> <p>1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:</p> <p>«Тербелу»</p> <p>Бастапқы қалыпқа тұрады, аяқ арасы алшақ, қол төменде болады.</p> <p>1.Қолдарды жоғары көтереді.</p> <p>2.Екі жанға, оңға тербеледі.</p> <p>3.Солға тербеледі.</p> <p>4.Қайтадан бастапқы қалыпқа оралады.</p> <p>2.Дене бұлшықеттеріне</p>	<p>көтеріліп және тұруға үйрету.</p> <p>ҮІӨ өту барысы:</p> <p>1.Сапқа тұру</p> <p>2. Шеңбер бойымен жүру</p> <p>Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру</p> <p>3.Негізгі бөлім:</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулар</p> <p>Гим. таяқшамен.</p> <p>1.Б.қ. н.т. таяқша төменде;</p> <p>1- таяқшаны алға созып, оң аяқты артқа созу;</p> <p>2- б.қ. келу; осылай сол аяқпен;(брет)</p> <p>2.Бқ.н.т. қолды тік ұстап, таяқшаны жоғары көтеру;</p> <p>1-отырып, таяқшаны алға созу; 2- б.қ. келу; (6-7рет)</p> <p>3.Б.қ. аяқ алшақ, таяқша төменде;</p> <p>1-2- оңға бұрылу, қолды тік ұстау,</p>		<p>жүру;</p> <p>Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру</p> <p>3.Негізгі бөлім:</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулар</p> <p>Тізені жоғары көтеріп жүгіру; -</p> <p>Өкшені жамбасқа лақтыра жүгіру; -</p> <p>Аяқтың басын алға сілтей жүгіру; -</p> <p>Оң, сол жақ пен қолды айналдыра жүгіру; -</p> <p>Артпен жүгіру; -</p> <p>Жай жүгіру;</p> <p>Тыныс алу жаттығуы</p> <p>Араның дыбысын салу. -3-3-3 шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.</p> <p>4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары</p> <p>-Аяқтың ұшымен,</p>
--	--	---	--	--	--

		<p>арналған жаттығулар: «Бағыттаушы» Б.қ.:негізгі тұрыс, қол төменде. 1.Қолдағы гүлдерді жоғары көтеру. 2.Алға созу. 3.Б.қ.келу. «Жиырылу-ашылу» Б.қ..аяқ арасы алшақ, қол төменде. жаттығулар: «Алақай!» Б.қ.:тік тұру, қол төменде. 1.Екі қолды кеуде тұсына әкеліп, тізені бүгіп отыру. Б.қ.келу. Тыныс алу жаттығуы: Араның дыбысын салу. -3-3-3 4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары -Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен</p>	<p>тізені бүкпеу; 3-4-б.қ. келу; сол жақпен қайталау. (5-брет) Тыныс алу жаттығуы: Мұрынмен терең дем алып, ауызбен дем шығару 4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары: -Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); -допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет); -Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. 5.Қимылды ойын: «Доптар мектебі» Мақсаты: Доппен ойнаудың түрлерін үйрету,екі қолмен қағып алу,қабырғаға ұру, жерге ұрып қағып алу сияқты т.б.түрлерін ойнай</p>		<p>тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, -екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру 5.Қимылды ойын: «Ақсерек – көксерек Міндеті:Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді,қолдарын ан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.,ойын ережесін түсініп ойнауын және ойын ережесінің бұзылмауын ескеру. Ойының барысы: 1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау ақ серекБізден сізге кім керек.2-ші топ. Ақсерек –ау ақ серекСізден бізге (бала аты)</p>
--	--	--	---	--	---

		лақтыру (2 м қашықтықтан); -допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет); -Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. 5.Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдылыққа ұйымшылдыққа тәрбиелеу Балаларды мадақтау, шеңбер бойымен жүру. Қорытынды	білу. Ептілікке тәрбиелеу. Шарты: Балалар тәрбиешінің көрсеткен жаттығуларын орындайды. 1. Допты жоғары лақтырып екі қолмен қағып алу. 2. Допты жерге соғып екі қолмен ұстап алу. 3. Допты жерге соғып шапалақты соғып екі қолмен ұстап алу Балаларды мадақтау, шеңбер бойымен жүру. Қорытынды		керек Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса беред Балаларды мадақтау, шеңбер бойымен жүру. Қорытынды
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Серуен № 11 Ағаштарға бақылау жасау Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан	Серуен №12 Аққайыңды бақылау Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктем келісімен	Серуен №13 Ауладағы ағаштарды бақылау Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу,	Серуен №14 Құстардың ұшып келуін бақылау Бақылау Балалардың назарын ең бірінші өз атамекеніне	Серуен №15 Ұяларды бақылау Бақылау Балаларға көктемде көптеген құстар ұя салатынын

	<p>кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру(аққайыңның бұтағы жіңішке, иілгіш, қабығы қоңыр-қызыл, бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан; терек бұтағы аққайыңға карағанда жуан, қабығы сұрғылт-жасыл, бүрі ірі, ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі) Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу. (қоршаған ортамен</p>	<p>ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көкейдемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. (қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік іс-әрекет) Қимылды ойын «Орман дақтары» Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ағашқа</p>	<p>гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу. (қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік іс-әрекет) Қимылды ойын «Секіргіш бақалар» Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру. (Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап, жерге айналдыра дөңгелетеді, ал шеңберде тұрған балалар секіру керек). Балалардың физиологиялық ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту. Еңбек іс-әрекеті Ағаш түбін әктеу.</p>	<p>ұшып келетін құстың- ұзақ екеніне көңіл аударту. Олар суықтан қорықпайды, тамағын тауып алады. Жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Жиі кездесетін жыл құстарының атауын, олардың ерекшеліктерін, ұқсастықтарын айыра білу. Құстардың пайдасы туралы білімдерін бекіту. Табиғат құбылыстарының арасындағы заңды байланысты көре білуге үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік іс-әрекет) Қимылды ойын «Лашын мен</p>	<p>айту, бірақ ұя құсқа үй болмайтынын естеріне салу. Ұя жұмыртқа салу, оны басу және балапандарын өсіру үшін қажет. Құстарға биік шөптер, ағаштың басы пана бола алады. Ұя жасау үшін құстардың қандай материал қолданатынын бақылау. (қауырсындар, жүн шүйкесі, бұтақшала р және т.б) Ағаш басындағы қарғаның ұясы мен шатырдың астындағы торғайдың ұясын салыстыру. Балалардың бақағыштығын және білуге құмарлықтарын дамыту. (қоршаған</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>таныстыру,әлеуметтік іс-әрекет) Қимылды ойын «Ағаштан ағашқа» Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту.(кімдекім аз секірсе сол,жеңімпаз)ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу (физикалық дағдыларын дамыту) Еңбек іс-әрекеті Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. Еңбек нәтижесін көру,топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп,келесі бақылауды ұйымдастыру. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен</p>	<p>арқасын беріп тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын,. ойынға деген қызығушылықты арттыру. Еңбек іс-әрекеті Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту. Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама Тапсырма. Шырын бөліп тұрған ағашты тауып, бақылау. Қорытынды Ағаш қабығының астынан мөлдір сұйық бөлінеді,дәмі тәтті, ауада тотығады,қызғылт түске енеді. Өзіндік іс-әрекет</p>	<p>Ағаштың түптерін әктеу. Щетканы оң қолмен ұстап,жоғарыдан төменге қимылдар жасау.Берілген тапсырманы мұқият тыңдап,істі аяғына дейін жеткізу.Қиындық туа қалған жағдайда көмекке келу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама «Орманшы» Бірнеше ағаштың түр-тұлғасын, бөліктерін:діңі,жапырағы, жемісі мен дәні болатынын еске сақтау.Өз білгендерін сөзбен жеткізе білу. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып,құрдастарының шешіміне</p>	<p>ұябасар» Балалардың бірінің артынан бірі сап түзей қозғалу біліктіліктерін бекіту.Келесі шарттарды орындату: бір-бірінен ажырап қалмау, лашын соңғы ойыншыны ұстайды, ұябасар лашынды қолымен ұстамайды. Ойынды өз бетімен ұйымдастыру қажеттілігін дамыту. Алаңдағы құстарды тамақтандыру Балаларды топ алаңына ұшып келген құстарды тамақтандыруға қатыстыру. Құстарға деген адамгершілік – әрекеттілікті тәрбиелеу. Өз бетімен іс-</p>	<p>ортамен таныстыру,әлеуметтік іс-әрекет) Қимылды ойын «Ұшу» Сапқа тұру біліктіліктерін бекіту; ойынның шартын орындап бір аяқтан екінші аяққа секіру. Ойынға барлық балалардың қатысуын қамтамасыз ету. Еңбек іс-әрекеті Құстарға ұя жасауға көмектесу. Балаларға құстарға көмектесуді ұсыну, жемсалғышқа тамақ қана емес, әр түрлі жүн-жұрқаларды салғызу. Құстар оған қуанады, жұмысқа деген жауапкершілік пен ұйымшылдықты тәрбиелеу. Балалардың</p>
--	--	--	---	---	--

	<p>сараптама «Біздің үй қайсы, тап?» Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп, ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету.</p>	<p>Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру.</p>	<p>келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.</p>	<p>әрекет Ортақ ойында өз тәртібі үшін жауапкершілікті тәрбиелеу, ойынның түпкі ниетін іске асыруға құлшыну.</p>	<p>құстарға деген қызығушылықтары мен сүйіспеншілігін дамыту. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама. Өз бетімен іс-әрекет Балаларға ойынға керек құрылыстарды салуға үйрету. (үй, кеме және т.б.)</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл жаттығулары, санамақтар қайталау т.б. (көркем әдебиет, ойын әрекеті, еңбек қызметі)</p>				
	<p>«Үйшік» ертегісі Мақсаты: Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету (көркем әдебиет, коммуникативтік</p>	<p>Дид. ойын: «Қандай зат?» Мақсаты: Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. сөйлеуді дамыту ком-</p>	<p>Әндерді қайталау; (музыка, шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>«Тәулік бөліктерін орналастыр» Мақсаты: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. (математика негіздері, таным</p>	<p>Серуеннен келгеннен кейін киімдерін дұрыс жинауын, шкафтағына жинауды қадағалау</p>

	дағдыларын дамыту)	к дағдыларды дамыту)		дық дағдыларын дамыту)	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сұрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
	Ас ішу тәртібі: Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек	Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (көркем әдебиет,қазақ тілі коммуникативті дағдыларын дамыту)	Дастарқан басындағы дәстүрлер: Дастархан басында адамадар жасына қарай отырады. Астан кейін дастархан басындағы ең үлкен, құрметті адам асқа бата береді.	Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру	«Қайтала» Мақсаты: Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. (қазақ тілі коммуникативті дағдыларын дамыту)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітіп оқу (көркемдік қызмет)				
	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі қою.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау (баяу музыка тыңдау,аудио ертегі тыңдау (музыка,шығармашылық	«Шалқан» аудио ертегі тыңдау (көркем әдебиет,коммуникативті дағдыларын дамыту)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау (баяу музыка тыңдау).	«Бесік жырын» тыңдату» (музыка,шығармашылық дағдыларын дамыту)

		дағдыларын дамыту,			
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі, физикалық дағдыларын дамыту)				
	Шынықтыру шарасы. Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру.				
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту)				
	Мәдениетті тамақтануға баулу. Келген асты алдына , Тауысып іш қалдырма. Астарың - дәмді болсын!- балалар! «Рахмет!» сөздерін үнемі айтуға дағдыландыру.	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру	Мәдениетті тамақтануға баулу Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту Ас қайтару Бата Асқа берекет Адамға қанағат Айдан аман ет Жылдан есен ет	Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар	«Қолшатыр» Мақсаты: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым	Шығармашылық шеберханасы «Көбелек» Мақсаты: Мүсіндеуде қысу,	«Ғаламшар» Мақсаты: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым	«Досыма арналған сый» Мақсаты: Балалардың көлемді пішіндер	Дидактикалық ойын: «Қандай ертегі» Мақсаты: Балалардың

,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру (мүсіндеу шығармашылық дағдыларын дамыту)	тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. (мүсіндеу,шығармашылық іс-әрекет)	композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (мүсіндеу шығармашылық дағдыларын дамыту)	мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтауға қалыптастыру (мүсіндеу)	кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. (көркем әдебиет, коммуника тивті іс-әрекет)
Балалармен жеке жұмыс	Дид.ойын: «Салыстыр» Мақсаты.Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыруға үрету А.Амина	«Сөздерді қайтала» Мақсаты:Сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс, анық айтуға баулу Аяулым,Зарина	«Жабайы аңдар» Мақсаты:Жабайы аңдарды, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы түсініктерін кеңейту Ақнәзік,Ернұр	«Кел,санайық» Мақсаты:5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атауға дағдыландыру Бегім	Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: Артикуляциялық аппаратты жетілдіру Райымбек (коммуникативті дағдыны дамыту)
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Серуен №11	Серуен №12	Серуен №13	Серуен №14	Серуен №15
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Балапан»бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 17.04-21.04.2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 17.04.2023	Сейсенбі 18.04.2023	Сәрсенбі 19.04.2023	Бейсенбі 20.04.2023	Жұма 21.04.2023
Балаларды қабылдау	<i>Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет)</i>				
	«Көңілді фигуралар» Мақсаты: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып атай білуге үйрету (математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту)	«Тура және кері санау» Мақсаты: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.Ойлау қабілетін дамыту (математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту)	«Денелар» Мақсаты: Денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. (математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту)	«Тәулік бөліктері» Мақсаты: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту (математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту)	«Заттарды орналастыр» Мақсаты: Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыруға жаттықтыру.Зейінін,ой ұшқырлығын дамыту (математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту)
Ата-аналармен әңгімелесу,	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер				

кеңес беру	<p>Ата- аналармен әңгіме Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы әңгімелесу.</p>	<p>«Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу</p>	<p>Ата- аналардың балаларды балабақшаға кешікпей әкелуін қадағалау</p>	<p>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу, баланы ауа-райына байланысты киіндіруді ескерту</p>	<p>Ата- аналармен әңгіме: Ата -аналармен қарым -қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауды ескерту</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел -үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>«Аралар» Мақсаты: Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды үйрету (сурет салу, жапсыру шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>«Құрылысшылар» Мақсаты: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға қалыптастыру (құрастыру, шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>«Оригами » Мақсаты: «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға үйрету (құрастыру, шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>«Әуе шары » Мақсаты: Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. (сурет салу, жапсыру шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	<p>«Лего» Мақсаты: Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыруды жалғастыру (құрастыру, шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>Таңертеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті, физикалық дағдыларын дамыту) Тұру, жүру, жүгіру түрлері, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары.</p>				

	<p>Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қол ұстаса шеңбермен жүру. 2. Бытырай жүгіру. 3. Жүру. Шеңберге тұру. 4. Б.қ.: тұзу тұрып, аяқты сәл алшақ қою, қолдарын шынтақтан бүге ұстау. Қолдарын шеңбер жасай алға, артқа қозғау. 5-6 рет 5. Б.қ.: аяқ арасын сәл алшақ қоя, қолдарын түсіре тік тұру. Оң жаққа қисаю, б.қ. оралу. Сол жақпен қайталау. Әр жанға 3-4 рет 6. Б.қ.: Аяқ арасын сәл алшақ қоя, қолдарын түсіре тік тұру. Алға тізелерін бүге еңкейіп, қолдарын еденге тигізу, б.қ. оралу. 5-6 рет 7. Б.қ. шалқалай жату, қолдары дене бойында. Тізелерін бүге, аяқтарын кеудеге тигізу, б.қ. оралу. 4-5 рет 8. “Ұшақтар” бытырай жүгіру. 9. Жай жүру. 									
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, Еңбек дағдылары :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: Дос бол сабын суменен Жуын күнде су мен сен Жуынсаң сен әрдайым Таза бетің, маңдайың Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)</p>									
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.</p> <table border="1" data-bbox="360 1284 2148 1453"> <tr> <td data-bbox="360 1284 719 1453"> <p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: Қазақ тіліне тән</p> </td> <td data-bbox="719 1284 1072 1453"> <p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: Қазақ тіліне тән « і »</p> </td> <td data-bbox="1072 1284 1469 1453"> <p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: « і » дыбысын сөз ішінде</p> </td> <td data-bbox="1469 1284 1789 1453"> <p>«Менің отбасым» Мақсаты: Диалогтік сөйлеуді</p> </td> <td data-bbox="1789 1284 2148 1453"> <p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: Дыбыстарын жеке,</p> </td> </tr> </table>					<p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: Қазақ тіліне тән</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: Қазақ тіліне тән « і »</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: « і » дыбысын сөз ішінде</p>	<p>«Менің отбасым» Мақсаты: Диалогтік сөйлеуді</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: Дыбыстарын жеке,</p>
<p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: Қазақ тіліне тән</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: Қазақ тіліне тән « і »</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: « і » дыбысын сөз ішінде</p>	<p>«Менің отбасым» Мақсаты: Диалогтік сөйлеуді</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу Мақсаты: Дыбыстарын жеке,</p>						

	<p>дыбыстарды сөз ішінде анық айтуға баулу</p> <p>Бірге қайталау</p> <p>аз - аз - аз</p> <p>Құдықты қаз.</p> <p>Қаңқылдайды қаз.</p> <p>Келіп қалды жаз.</p> <p>Болып қапты жаз.</p> <p>Атаңа хат жаз.</p> <p>(қазақ тілі,коммуника тивті дағдыларын дамыту)</p>	<p>дыбысын сөз ішінде анық айтуға баулу</p> <p>Бірге қайталау</p> <p>Кі-кі-кі</p> <p>Айлакер қу түлкі</p> <p>Ян-ян-ян</p> <p>Қорқақ қоян</p> <p>(қазақ тілі,коммуника тивті дағдыларын дамыту)</p>	<p>анық айтуға баулу</p> <p>Бірге қайталау</p> <p>Іл- іл- іл</p> <p>Тұмсығы ұзын піл</p> <p>Лан -лан -лан</p> <p>Шығады жылан</p> <p>(қазақ тілі,коммуника тивті дағдыларын дамыту)</p>	<p>жетілдіру:</p> <p>әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу</p> <p>(сөйлеуді дамыту,коммуникативті іс-әрекет)</p>	<p>сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Бірге қайталау</p> <p>ер - ер - ер</p> <p>Қасиетті жер.</p> <p>Төгілді көп тер.</p> <p>Жемістерді тер.</p> <p>Аға соңынан ер.</p> <p>Сұрағанын бер.</p> <p>лау - лау - лау</p> <p>Желбірейді жалау</p> <p>Лапылдайды алау.</p> <p>(қазақ тілі,коммуника тивті дағдыларын дамыту)</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет</p>	<p>Музыка</p> <p>(маман жоспарына сай)</p> <p>(Шығармашылық дағдыларды дамыту)</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы;</p> <p>Еңбектеу</p> <p>Міндеттері:</p> <p>10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеуге, табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеуді жаттықтыру.</p> <p>Аяқтың ұшына көтеріліп және</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы; Еңбектеу</p> <p>Міндеттері:</p> <p>10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеуге, табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеуге жаттықтыру.</p> <p>Аяқтың ұшына көтеріліп және тұруға үйрету.</p> <p>ҰІӘ барысы:</p>	<p>Музыка</p> <p>(маман жоспарына сай)</p> <p>(Шығармашылық дағдыларды дамыту)</p> <p>Қазақ тілі (маман жоспарына сай)</p>	<p>Дене шынықтыру(таза ауада)</p> <p>Тақырыбы; Тізені көтеріп жүру.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру</p> <p>ҰІӘ барысы:</p> <p>І.Сапқа тұру</p> <p>Сәлемдесу</p>

		<p>тұруға үйрету ҮІӨ барысы: I.Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру. Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру II.Жалпы дамыту жаттығулар(ора малмен) 1. «Қол бұлға» жаттығуы. Б.қ : аяқ сәл алшақ,жалаушаны арт жақта ұстап тұру. 2.1-2 жалаушамен қолды шетке созу арқылы жоғары көтеру,жалаушаға қарау.3-4 гимнастикалық орындықтың үстімен заттарды аттай жүру. Тыныс алу жаттығуы: Араның дыбысын салу. -3-3-3 III.Негізгі қимыл</p>	<p>I.Сапқа тұру 2. Шеңбер бойымен жүру Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру II.Жалпы дамыту жаттығулар(гим. таяқшамен) 1.Б.қ. н.т. таяқша төменде; 1- таяқшаны алға созып, оң аяқты артқа созу; 2- б.қ. келу; осылай сол аяқпен;(брет) 2.Бқ.н.т. қолды тік ұстап, таяқшаны жоғары көтеру; 1-отырып, таяқшаны алға созу; 2- б.қ. келу; (6-7рет) 3.Б.қ. аяқ алшақ, таяқша төменде; 1-2- оңға бұрылу, қолды тік ұстау, тізені бүкпеу; 3-4- б.қ. келу; сол жақпен қайталау. (5-брет) Тыныс алу жаттығуы: Мұрынмен терең дем</p>		<p>Шеңбер бойымен жүру; Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру II.Жалпы дамыту жаттығулар Тізені жоғары көтеріп жүгіру; - Өкшені жамбасқа лақтыра жүгіру; - Аяқтың басын алға сілтей жүгіру; - Оң, сол жақ пен қолды айналдыра жүгіру; - Артпен жүгіру; - Жай жүгіру; Тыныс алу жаттығуы Араның дыбысын салу. -3-3-3 шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. III.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары -Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап</p>
--	--	---	--	--	--

